

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### «БЖЗК» АҚ 2026 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша зейнетақы жинақтарын инвестициялау есебін ұсынады

"БЖЗК" АҚ (бұдан әрі – БЖЗК, Қор) [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы "Статистика және аналитика – Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару" бөлімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (бұдан әрі – ИПБ) зейнетақы активтерін басқаруы туралы есебін ұсынды.

2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ҚРҰБ және ИПБ басқаруымен [зейнетақы активтерінің жалпы көлемі 26 811,26 млрд теңгені](#) құрады. Осы күнгі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері шамамен **25 760,59 млрд теңгені<sup>1</sup>** құрады. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің көлемі - **948,86 млрд. теңге**.

[ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері 101,81 млрд теңгені](#) құрады.

#### ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі

Ұлттық Банк БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы ретінде теңгерімді инвестициялық саясатты ұстанады: валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша қаржы құралдарының сан-алуан түрлеріне инвестициялайды.

ҚРҰБ ұсынған ақпарат бойынша 2026 жылғы 1 сәуірде **МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерін** инвестициялаудың негізгі бағыттары төмендегідей: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 42,74%, квазимемлекеттік компаниялардың облигациялары – 9,26%, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары – 2,58%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 2,42%, ҚРҰБ депозиттері – 2,09%, шет мемлекеттердің МБҚ – 1,42%, МҚҰ – 1,14%.

Активтердің 35,23%-ы индексті басқару шеңберінде инвестицияланады. Бұл тәсіл инвестордың стратегиялық мүдделерін көрсететін бағалы қағаздар жиынтығы болып табылатын эталондық портфельге бағдарланған инвестициялық портфельді қалыптастыруды көздейді. Эталондық портфельдің кірістілігі басқару тиімділігін бағалау кезінде шара ретінде қызмет етеді. Эталондық портфель ретінде жетекші әлемдік қаржы компаниялары немесе ҚРҰБ әзірлеген және қадағалайтын индекстер пайдаланылады. Активтерді индекстік басқаруды ҚРҰБ дербес, сондай-ақ дамыған елдер облигацияларының субпортфеліне, дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфеліне, корпоративтік облигациялардың қосалқы портфеліне және акциялардың қосалқы портфеліне қатысты шетелдік басқарушы компанияларды тарта отырып жүзеге асырады.

2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен сатып алынған қаржы құралдары номинацияланған валюталар бөлінісіндегі инвестициялық портфель

<sup>1</sup> зейнетақы жарналары мен төлемдер шоттарындағы ақшаны есепке алмағанда

мынадай: ұлттық валютадағы инвестициялар – 61,09%, АҚШ долларымен – зейнетақы активтері портфелінің 38,91%.

Инвестициялау нәтижесінде бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі табыс, оның ішінде орналастырылған салымдар мен "кері РЕПО" операциялары бойынша кіріс 549,32 млрд теңгені, бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер 94,12 млрд теңгені, өзге кірістер 0,48 млрд теңгені құрады. Бағамдық қайта бағалауды ескере отырып, сыртқы басқарудағы активтерді қоспағанда, шетел валютасында инвестицияланған бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалау теріс болып қалыптасты.

2025 жылғы сәуірден бастап 2026 жылғы наурызға дейінгі соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кірістің мөлшері шамамен 2,49 трлн теңгені құрады, осы кезеңдегі кірістілік 10,74%-ды құрады.

2026 жылғы 1 сәуірдегі ЖМЗЖ инвестициялау бағыттары келесідей: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 93,84%, ҚРҰБ депозиттері – 6,15%, инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат – 0,01%.

ЖМЗЖ есебінен инвестициялық портфель тек ұлттық валютада номиналданған қаржы құралдарынан тұрады. Бағалы қағаздар бойынша, оның ішінде орналастырылған салымдар мен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түріндегі кіріс – 30,65 млрд теңге. Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалау салымшыларға 3,45 млрд теңге кіріс әкелді.

2025 жылғы сәуірден бастап 2026 жылғы наурызға дейінгі соңғы 12 айда ЖМЗЖ бойынша есептелген инвестициялық кірістің мөлшері шамамен 104,22 млрд теңгені құрады, осы кезеңдегі кірістілік – 18,52%.

ҚРҰБ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфелінің **егжей-тегжейлі құрылымы** және инвестициялық қызметке шолу БЖЗК-ның ресми сайтында берілген. Сондай-ақ, [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтында ЖМЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша **портфель құрылымы** туралы ақпарат орналастырылды.

### **Инвестициялық портфельді басқарушылар**

ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі – **101,81 млрд теңге**.

2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша "*Alatau City Invest*" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері – **16,33 млрд теңге**.

Компанияның негізгі инвестициялары: Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 24,63%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 16,80%, ҚР екінші деңгейдегі банктерінің (ЕДБ) облигациялары – 12,49%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 10,00%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 9,64%, РЕПО – 6,48%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 5,29%, МҚҰ – 3,33%, шет мемлекеттердің МБҚ – 1,90%.

Атап кетейік, портфельдің 56,12% теңгемен, 42,86% АҚШ долларымен, 1,02% басқа валюталарда ұсынылған.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы сәуірден 2026 жылғы наурызға дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 10,62%.

"Alatau City Invest" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфелінің **егжей-тегжейлі құрылымы** БЖЗК сайтында ұсынылған.

01.04.2026ж. жағдай бойынша **"Halyk Global Markets" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен **7,55 млрд теңге** болды.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялар: шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары) – 22,93%, ҚР ЕДБ облигациялары – 16,53%, ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 11,44%, ҚРҰБ ноттары – 15,96%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 11,68%, ҚР ұйымдарының корпоративтік облигациялары – 6,79%, Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған акциялар мен депозитарлық қолхаттар – 4,15%, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар – 2,53%, кері РЕПО (күнтізбелік 90 күннен аспайтын) – 2,07%.

Ұлттық валютадағы инвестициялар портфельдің 63,95%-на, АҚШ долларымен 36,05%-на тең.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы сәуірден 2026 жылғы наурызға дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 10,54%.

"Halyk Global Markets" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген [егжей-тегжейлі құрылымы](#) БЖЗК сайтында ұсынылған.

01.04.2026ж. жағдай бойынша **"BCC Invest" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері шамамен **13,08 млрд теңге**.

Инвестициялардың негізгі бағыттары: ҚР ЕДБ облигациялары – 23,54%, ҚР ҚМ МБҚ – 17,71%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 14,12%, РЕПО – 11,17%, ҚР резидент-эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 9,62%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 6,25%, шет мемлекеттердің МБҚ – 5,45%, ҚР эмитент-резиденттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 5,93%.

Ұлттық валютадағы инвестициялар портфельдің 66,59%-ын, АҚШ долларымен 33,41%-ын құрайды.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы сәуірден 2026 жылғы наурызға дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 9,01%.

"BCC Invest" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген [егжей-тегжейлі құрылымы](#) БЖЗК сайтында ұсынылған.

01.04.2026ж. жағдай бойынша **"Сентрас Секьюритиз" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері шамамен **7,19 млрд теңге**.

ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигацияларына – 21,35%, РЕПО – 16,62%, ҚР ЕДБ облигацияларына – 14,45%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларына – 14,29%, шет ел эмитенттерінің корпоративтік облигацияларына – 9,10%, АҚШ мемлекеттік облигацияларына – 5,98%, ҚР ҚМ МБҚ-ға – 4,93%, ҚР резиденттері-эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына – 4,26%, шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына – 2,08% инвестицияланды.

Ұлттық валютада портфельдің 70,71%-ы, АҚШ долларында 29,29%-ы инвестицияланды.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы сәуірден 2026 жылғы наурызға дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 17,80%.

"Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген [егжей-тегжейлі құрылымы](#) БЖЗК сайтында ұсынылған.

01.04.2026ж. жағдай бойынша "Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ "Halyk Finance" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен **57,66 млрд теңге** болды.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялардың сипаты мынадай: кері РЕПО (90 күнтізбелік күннен көп емес) – 17,23%, ҚР ЕДБ облигациялары – 14,96%, ҚРҰБ ноттары – 12,62%, ҚР ҚМ МБҚ – 11,81%, Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 8,08%, МҚҰ – 6,95%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 6,74%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 5,36%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 4,33%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 3,28%.

Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 68,70%, АҚШ долларында – 31,30% инвестицияланды.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы сәуірден 2026 жылғы наурызға дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 10,98%.

"Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ "Halyk Finance" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген [егжей-тегжейлі құрылымы](#) БЖЗК сайтында ұсынылған.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап салымшылар инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының 50%-дан аспайтын бөлігін ең төменгі жеткіліктілік шегін есепке алмастан бере алады. Ал ерікті зейнетақы жинақтары бар салымшыларға оны ИПБ-ға 100% көлемінде беруге болады.

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап ИПБ қызметін Кі композиттік индекстері негізінде бағалау жүйесі енгізілді. Композиттік индекс – бұл жаһандық экономикалық тенденцияларды, сондай-ақ капитал нарығындағы жағдайларды ескере отырып, ИПБ жұмысының нәтижелерін объективті бағалауды қамтамасыз ететін ұлттық және әлемдік қор нарықтарының индекстерін қамтитын бенчмарк түрі. 2026 жылдан бастап ИПБ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті тәуекел деңгейі, кірістілігі және инвестициялау мерзімдері бойынша ерекшеленетін үш инвестициялық портфельдің бірін таңдауды көздейтін жаңа тәсіл негізінде жүзеге асырады. Егер зейнетақы активтерінің кірістілігі белгіленген ең төменгі деңгейден (композиттік бенчмарктан) төмен болған жағдайда, ИПБ теріс айырма сомасын меншікті капитал есебінен өтеуге тиіс. Осылайша, жеке басқарушылар жинақтардың сақталуын меншікті капиталмен қамтамасыз етуге жауапты. Айта кету керек, зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға беру мүмкіндігі пайда болған 2021 жылдан бастап барлық басқарушы компаниялар белгіленген нормативтерді сақтады, осыған байланысты белгіленген айырмашылықты өтеу қажеттілігі туындаған жоқ.

ҚР Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы жинақтар төлемдерге құқық алған кезде инфляция деңгейінен төмен болмайтын деңгейде сақталу мемлекеттік кепілдігімен қорғалады.

Сондай-ақ, БЖЗК азаматтардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша [invest.enpf.kz](http://invest.enpf.kz) бірыңғай ақпараттық интернет-платформаны іске қосқанын еске саламыз. Ол ИПБ туралы барлық негізгі ақпаратты бір цифрлық кеңістікте біріктіреді және инвестициялық қызмет туралы деректерді ұсынуға жүйелі тәсілді қамтамасыз етеді.

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және ерекшелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын,*

*ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*